


Тақырыбы: Ежелгі үнді философиясы

Индия – Будданың отаны



copyright 2004
envocare

Үнді



философиясы

Ғылымының бастауы, бүкіл Шығыстың философиялық идеяларының қайнар көзі Үнді елі, ең бастысы – Үнді ойшылдары адамзатты осы күнге дейін толғанып келе жатқан мәселелерді көне заманның өзінде-ақ қоя білді.

Ежелгі Үнді қоғамы төрт варнаға бөлінді:

1. Брахмандар – ой еңбегімен
2. Кшатрийлер – әскери істермен
3. Вайшьялар – жер өңдеумен, қолөнермен және саудамен
4. Шудралар – қара жұмыспен шұғылданды

Үнді мифологиясындағы негізгі Құдайлар мен негізгі ұғымдар:

Үнді аңыздарында 3 мыңнан артық Құдай кейіптері суреттелген! Олар да адамдар сияқты сүйінеді, күйінеді, туады, қартаяды, соғысады, бір-біріне көмектеседі т.с.с

Индра – найзағайдың, күн күркіреудің Құдай

Митра – Күн Құдайы

Варуна – аспан Құдайы

Агни – от Құдайы

Яма – өлім Құдайы

Тапас – дене іңкәрі

Рита – ғарыштағы тәртіп

Пуруша – ғарыш адамы, рух, жан;

Карма – адамның тағдырын құрайтын жан-дүние;

Үнді мифологиясындағы негізгі кітаптар: Ригведа,

Упанишада, Махабхарата, Бхагавадгита т.с.с.

Көне Үндінің негізгі философиялық ескерткіштері

Ежелгі Үнді философиясының бастауы – Ведалар, олар тек Үнді елінің ғана емес, бүкіл адамзаттың көне әдеби ескерткіштері болып саналады.

Ведалар 4 бөліктен тұрады:

1. **Самхиттер** – құдайларға арналған гимндер жинағы; олардың ең көнесі Ригведалар құдайларға арналған 1028 гимннен тұрады;
2. **Брахмандар** – діни салт өлеңдер жинағы,
3. **Араньяктар** – «Орман кітаптары» – қоғамнан бөлектенушілерге немесе орман кеңістігінде ақиқат пен табиғат туралы ойға берілушілерге арналған ережелер жинағы.
4. **Упанишадалар** – ұстаздың шәкіртпен диалог-әңгімесі, оның тақырыбы – болмыстың алғашқы бастауы, сол арқылы табиғат пен адамның бойындағы құбылыстар түсіндіріледі



Көне Үнді философиясының негізгі мектептері



Жайнизм – көне Үнді философиясының маңызды бағыттарының бірі, аттары аңызға айналған 24 тақуа-тиртханкар дамытқан. Олардың соңғысы – біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда өмір сүрген, Жеңімпаз деген атқа ие болған ойшыл Махавира болды.

Буддизм – көне Үнді философиясының басты ағымы, буддизм дінін: негізінде дүниеге келген. Негізін қалаушы – біздің дәуірімізге дей: 560-480 жылдары Гималайдың бауырындағы Капилавасту мемлекетіне өмір сүрген Сидхартха Готама.

Нирвана – адамдардың көпшілігі үстіртін түсініп жүргендей жәй ғана рахатқа бөлену емес, зұлымдық пен нәпсіні тыю жолымен жансыз, сезімсіз абсолютке айналу, сананы өшіру. бір сөзбен айтқанда, абсолюттік тыныш күйге жету.

Чарвака-локаята – философиялық әдебиетте Көне Үнді философиясындағы материалистік деп қабылданған бағыт.

Джайнизм философиясы



Джайнизм философиясының негізін қалаған Махавира деген ойшыл болған. Джайнизм “жеңіс” деген сөзден шыққан. Джайнизм философиясында 9 ұғым бар. Олар: тірі (джива), өлі (аджива), ізгі, күнә, жанның бұзылуы (ашрава), самвара – жанның тазалануы, тәуелділік, карманы бұзу – нирджара, жанның денеден құтылуы – босау. Джайнизм “үш маржан”, ол – дұрыс сезнім, дұрыс білім, дұрыс жұрыс-

Адам өз-өзін жеңу үшін бірнеше қағидаларды ұстау керек. Олар:

Апариграха – дүниедегі заттарға қызықпау, байланбау, самарқау қарау;

Сатья – әрқашанда ол қандай болсада шындықты айту;

Астея – ұрламау, өлей,н деп жатсаң да, еш нәрсені рұқсатсыз алмау, сұрап қана алу;

Ахимса – еш нәрсеге зәбірлік жасамау, өйткені барлық тіршіліктің жаны бар;

Буддизм философиясы

Үнді елінде пайда болып, дүниежүзілік үшінші дінге айналған философия ілімі – буддизм. Буддизмнің негізін қалаған Үнді елінің шакья тайпасынан шыққан Гаутама Сидхартқа.

Будданың ашқан “Төрт ақиқаты”:

Бұл Дүниедегі өмір зардапқа толы. Оны жеңу үшін себебін білу қажет: өмір күштарлық, өмірде болуға деген іңкәрлік, ләззатқа тоймаушылық.

Зардапты тоқтататын жол бар, олар – сегіз қырлы. Олар:

Дұрыс көзқараста

Дұрыс сөйлеуде

Дұрыс бағытты ойлауда

Дұрыс өмір салтында

Дұрыс жүріс-тұрыста

Дұрыс бетбұрыста

Дұрыс күш салуда

Дұрыс зейін қоюда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өз тарихына немқұрайлы қарау, нақты өмірден алшақтау, өмірге көзқарастардың көмескілігі сияқты келеңсіз жағдайлардың орын алуы мәдениеттің дамуына нұқсан келтірді. Қоғамдық өмірді тұрақтандыруда дін қаншама рөл атқарғанымен де, үнді мемлекеті ғылым мен білім жолына, яғни өркениетті ел болу жолына түсуі — тарихи қажеттілік болды. Заман ағымында бұл асқаралы міндеттері біртіндеп жүзеге асырыла бастады да, асырыла бермек те.



Назар
Аударғандарыңызға
Рахмет!!!

